

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнім туралы хабардар ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 10 мамырдағы № 74 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес техникалық регламенттер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету процестерін жеделдету және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдарының өзара іс-қимыл механизмін тестілік режимде іске қосу мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтерінен Еуразиялық экономикалық комиссиямен бірлесіп, Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнім туралы хабардар ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі пилоттық жобаны 2018 – 2019 жылдары іске асыруды қамтамасыз ету сұралсын.

2. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнім туралы хабардар ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі пилоттық жобаны 2018 – 2019 жылдары іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян
Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 10 мамырдағы
№ 73 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнім туралы хабардар ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі пилоттық жобаны 2018 – 2019 жылдары іске асыру жөніндегі іс-шаралар ЖОСПАРЫ

--	--	--	--

Іс-шараның атауы	Орындаушы	Мерзім	Күтілетін нәтиже	
1	2	3	4	
<p>1. Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнім туралы хабардар ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі пилоттық жобаны (бұдан әрі тиісінше – хабардар ету жүйесі, Одақ) нормативтік қамтамасыз ету. Хабардар ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру кезіндегі Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) өзара іс-қимылының уақытша тәртібін әзірлеу</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>2018 жылғы III тоқсан</p>	<p>Комиссия Алқасының уақытша тәртіпті бекіту туралы шешімі</p>	
<p>2. Хабардар ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі пилоттық жобаны технологиялық және техникалық қамтамасыз ету:</p>				
<p>а) "Қауіпті өнім туралы хабардар ету жүйесін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттардың жобаларын жаңарту (бұдан әрі тиісінше – технологиялық құжаттар, интеграцияланған жүйе, жалпы процесс)</p>	<p>Комиссия, мүше мемлекеттер</p>	<p>осы жоспардың 1-тармағы орындалғаннан кейін 2 ай ішінде</p>	<p>технологиялық құжаттардың жобалары</p>	
<p>б) Комиссияның интеграциялық сегментінде технологиялық құжаттардың жобаларына сәйкес интеграциялық жүйе жалпы процесінің бағдарламалық қамтылымын жаңғырту</p>	<p>Комиссия</p>	<p>осы тармақтың "а" тармақшасы орындалғаннан кейін 2 ай ішінде</p>	<p>техникалық жұмыс жобасы</p>	
<p>в) мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінде интеграцияланған жүйені пайдалану үшін жалпы процесті базалық іске асыру компоненттерін әзірлеу (қажет болған кезде)</p>	<p>Комиссия</p>	<p>осы тармақтың "а" тармақшасы орындалғаннан кейін 2 ай ішінде</p>	<p>техникалық жұмыс жобасы</p>	

г) мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінде интеграцияланған жүйені пайдалану үшін жалпы процесті базалық іске асыру компоненттерін беру (қажет болған кезде)	Комиссия, м ү ш е мемлекеттер	осы тармақтың "а" тармақшасы орындалғаннан кейін 3 ай ішінде	қабылдау-тапсыру актілері
д) хабардар ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі пилоттық жобаға қатысу үшін мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерін әзірлеу (пысықтау) және баптау	м ү ш е мемлекеттер	осы тармақтың "а" тармақшасы орындалғаннан кейін 3 ай ішінде	техникалық жұмыс жобасы
3. Хабардар ету жүйесін тестілік пайдалану:			
а) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылға кешенді тестілеу жүргізу	Комиссия, м ү ш е мемлекеттер	осы жоспардың 2-тармағының "а" тармақшасы орындалғаннан кейін 4 ай ішінде	хаттама
б) хабардар ету жүйесіне тестілік пайдалануды жүргізу	Комиссия, м ү ш е мемлекеттер	осы жоспардың 2-тармағының "а" тармақшасы орындалғаннан кейін 5 – 7 ай ішінде	есеп
4. Хабардар ету жүйесін қалыптастыру жөніндегі пилоттық жобаның қорытындысын шығару. Хабардар ету жүйесін тестілік пайдалану қорытындысы бойынша, сондай-ақ жалпы процесті іске асыру бойынша ұсынымдар, сондай-ақ Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесінің ресурстар құрамына енгізу үшін жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарын әзірлеу, жүргізу және пайдалану жөніндегі ұсыныстарды дайындау	Комиссия, м ү ш е мемлекеттер	осы жоспардың 2-тармағының "а" тармақшасы орындалғаннан кейін 8 ай ішінде	хаттама